



## Елге адал жастардың қозғалысы



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа адамдар» жастар форумына қатысып, сөз сөйледі.

Форумда «Жаңа адамдар» қозғалысының жетекшісі Әсел Баденова Президентке ұйымның осыған дейін атқарған ігі істері мен азаматтық бастамаларын таныстырды. Оның айтуынша, қазіргі кезде қозғалыстың 19 қалада кампусы, 15 мыңға жуық белсенді мүшесі бар. Қозғалыс елімізде ондаған азаматтық бастамалар мен акцияларды ұйымдастырып үлгерген. Жастар вандализммен, рұқсат етілмеген жерге қоқыс төгушілермен, кәмелетке толмаған балаларға ішімдік сатушылармен, есірткі таратушылармен және басқа да әлеуметтік кеселдермен күрес жүргізіп, өздерінің азаматтық ұстанымдарын ашық әрі белсенді білдіріп жүр.

жетістігіне қуанатынын, әр бастамасын қолдайтынын жеткізді. «Қазақстанның жастары – жасампаз. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Жаңа ғана өте жақсы ойлар айтылды. Тың идеялар, ігі бастамалар бар. Сіздердің сөздеріңізді тыңдап, форум атмосферасын сезіне отырып, кеудемді мақтаншып кернеді. Қазақстанның болашағына деген сенімім нығаю түсті. «Жас келсе – іске» деп бекер айтпаған. Еліміздің келешегі – ойы ұшқыр, білімі терең, көзқарасы заманауи жастардың қолында. Мен Президент ретінде Сіздерге зор үмітпен қараймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент қазір еліміз үшін тарихи кезең екеніне, алдымызда биік мақсаттар тұрғанына назар аударды. «Біз жұрттан көшілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де үйрететін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында

тұрады. «Жаңа адамдар» – жаңа қоғамның айнасы. «Жаңа адамдар» – жаңа болмыс! Бұл – өз еліне адал жастардың қозғалысы! Біздің стратегиямызға қолдау білдірген сіздерге алғыс айтамын. Реформаларымыздың мән-маңызы ұрандарыңызда көрініс тапқан. Бұл өзгерістер Әділетті Қазақстанды құру, «Заң мен тәртіпті» қамтамасыз ету тұжырымдамасына негізделген, – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға қарата айтқан сөзінде отаншылдық сезімге, қоғамда «Заң мен тәртіп» үстемдігін орнатудың маңызына, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының идеологиялық мәніне тоқталды. Мемлекет басшысының пікірінше, ел үшін адал қызмет ету – жауапкершілік алудан қорықпайтын, батыл азаматтардың қолынан келетін жұмыс. – Жастарға барлық мүмкіндік жасалып жатыр. Қазақстан – балалар мен жастарға жан-жақты қолдау көрсететін әлемдегі аз елдің бірі. Дүниеге келген әр

сәби бірден ұлттық бағдарламалардың қатысушысына айналады. Өздеріңізге мәлім, екінші жыл қатарынан Ұлттық қор табысының бір бөлігі балалардың есепшотына түсіп жатыр. Кәмелет жасына толғанда олар жинақталған қаржыны оқуға немесе баспана алуға жұмсай алады. Бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» бағдарламасы іске қосылды. Бұл жүйе ата-аналар үшін өте қолайлы. Сол арқылы балаларының болашақта алаңсыз білім алуына қаражат жинайды. Әр бала алты-жеті жастан бастап мектепте тегін білім алады. Мұның бәрі – мемлекеттің міндеті. Бірақ әлемнің барлық елінде дәл осылай емес. Барды бағалау маңызды. Біздің жетістіктеріміз баршылық. Елімізде бастауыш сынып оқушыларына тегін тамақ берілетін болды. Оқушыларымыз мемлекет есебінен әртүрлі үйірмелер мен секцияларға қатыса алады. Мектеп түлектерінің жоғары оқу орнына немесе колледжде грантқа түсу мүмкіндігі зор. Кейінгі жылдары грант санын айтарлықтай

ұлғайттық. «Болашақ» бағдарламасымен мыңдаған жас шетелде білім алуға. Олар Қазақстанға келген соң ел дамуына үлес қосады. «Президенттік жастар кадр резерві» сұранысқа ие жобаға айналды. Келешекте мемлекетті басқарушылардың негізгі легі осы жас мамандардан қалыптасады. Саяси реформалар аясында Мәжіліс пен мәслихаттарда жастар үшін арнайы квота енгізілді. Бұл өкілдік билік қызметіне тегін серпін берді. Осы жерге жиналған білімпаз, отаншыл жастар мәслихаттың немесе Парламенттің құрамына кіретініне, тіпті Үкіметте жұмыс істейтініне кәміл сенемін. Жас кәсіпкерлер мен отбасыларды қолдауға айрықша мән беріледі. Мысалы, бизнесті дамытуға және баспана алуға жеңілдікпен несие беру қарастырылған. Бұл – балалар мен жастардың өмірден өз орнын табуына жағдай жасауға бағытталған бағдарламалар мен жобалардың бір парасы ғана, – деді Президент.

**РЕСМИ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**  
**2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында кедендік әкелім баждарының сомасын аударуға қатысты бөлікте өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**  
2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында кедендік әкелім баждарының сомасын аударуға қатысты бөлікте өзгерістер енгізу туралы 2023 жылғы 21 қарашада Мәскеуде жасалған хаттама ратификациялансын.  
**Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 10 ақпан № 162-VIII ҚРЗ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**  
**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**  
1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:  
1. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:  
1) 1-бап мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:  
**8 >**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**  
**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс қызметтерін көрсету, мемлекеттік сатып алу, көлік және пошта мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**  
1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:  
1. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне:  
**9 >**

**КӨСІБІҢ – НӘСІБІҢ**  
**Мемлекеттік қолдаудың шарапаты**  
Алматы облысы Қарасай ауданында бұрнағы жылы кәсіп ашқан 90 жеке кәсіпкер грант иегері атанған. Бытыр бұл жобаға 256 адам үміткер болса, соның ішінде 37 бастауыш кәсіпкер 400 АЕК көлеміндегі грантты жеңіп алды.  
**Ұлбосын ИСАБЕК, «Egemen Qazaqstan»**  
**Құлпынайын құлпыртқан**  
Нан, сүт, жартылай фабрика өндіруге – 8 жоба, оқыту орталықтарына – 3 жоба, жиһаз және тігін цехтарына – 9 жоба, сән салоны мен массаж орталықтарына – 5 жоба, гончарлық өнім, ат әбзелдерін өндіру және металл конструкцияларын өндіретін цехтарға – 4 жоба, ауыл шаруашылығы саласына 2 жоба қорғалып, комиссияның оң шешімін алды.  
«Грант алған азаматтар жеке кәсіпкерлікпен айналысып, уақытында есебін тапсырып жатыр» дейді аудандық «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының директоры Орынбай Жанәділ. Алмалыбақ елді мекенінің тұрғыны Асхат Зұлқарнайұлы аудасына жылыжай салып, құлпынай өсіруді ұйғарады. Осы мақсатта «Мансап» орталығына ұсынған бизнес-жоспары қолдау тауып, 400 АЕК көлемінде қаржылай грант алған. Қазір құлпынайдың «Альбион» сортын өсіріп жатыр. Аумағы 102 шаршы метр жылыжайға 2 мың түп құлпынай отырғызыған.  
**4 >**

**Азия ойындарындағы тарихи алтын**  
Бұл күнде Қытайдың екі қаласында төрткүл дүниенің де назарын өзіне аударған ІХ қысқы Азия ойындары өтіп жатыр. Спортшыларымыз ақ Азияда аламанна 1996 жылдан бері тұрақты қатысып келеді. Елден аттанарда саңлақтарға жалғыз есепте төрткікті түйіндеу міндеті жүктелді. Әзірге сенімге селкеу түскен жоқ. Шорт-трек спортынан 30 жылдан бері бұйырмай келген қысқы Азия ойындарының алтын медалі алғаш рет қанжығамызға байланды.  
**Куаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»**  
**Тарихи медаль!**  
Алғашқы алтын медальді шорт-трекшілер Әділ Ғалияметов, Айбек Нәсен, Денис Никитша, Мерсанд Жақсыбаев, Абзал Әжағалиев, Глеб Ивченко иеленіп, мерейімізді асырды. Күміс жүлде Жапония, қола медаль Қытай құрамасына бұйырды. Біздің спортшылардың жеңісін кездейсоқтық деуге әсте келмейді. Бұл – ұзақ жылғы өлшеусіз төгілген тердің өтеуіне бұйырған жетістік. Командалық сайыстың үздігі саналып келген Оңтүстік Корея құрамасы қысқы Азия ойындарынан шеттетілген соң ғана орайы келді деген де жай сөз. Жігіттер бұл биіктен көріну үшін бірнеше жыл тынымсыз әзірлік жүргізді, түрлі додаларға қатысып өбден ысылды.  
**10 >**

**КЕШЕ КЕШКІСІН...**  
**Балқаштан Алматыға пойыз қатынайды**  
1 наурыздан бастап Балқаш – Алматы, Алматы – Балқаш бағытында жаңа пойыз жолға шығады. Қарағанды облысы әкімдігінің ресми сайтындағы мәліметке сүйенсек, бұған дейін Балқаш тұрғындары Алматыға жету үшін алдымен Сарышаған стансасына барып, сосын ғана пойызға мінетін. Жаңа бағыт осы қолайсыздықты жойып, тікелей теміржол қатынасын қамтамасыз етпек. «Бұл Балқаш – Мойынты учаскесінің екінші жол құрылысының арқасында мүмкін болды», делінген әкімдік хабарламасында.

**БҮГІН БАСЫЛЫМДА**  
**ҚҚС: Шетелдегі мөлшерлеменің ишегі қандай?**  
Елімізде қосылған құн салығын (ҚҚС) 20%-ға көтеру ұсынысы әлі де қызу талқыланып жатыр. Мемлекет басшысы бұл мәселеге қатысты тиянақты зерттеп, зерделеп барып шешім қабылдау керек екенін ескерткен еді. Осы орайда шетелдік тәжірибелерді назарға алып, бағамдағанды жөн көрдік.

**ЕРТЕҢ – «ЕГЕМЕНДЕ»**  
**Бұқаралық спорт қайтсе алға басады?**  
Президент 2019 жылғы Жолдауында: «Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Спорт инфрақұрылымының балаларға барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық денешынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шығына шығатын пирамидаға айналуда тиіс. Бұл саламатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастырады», деген еді.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1 <

«15-1) тәлімгерлік жөніндегі ұйым – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы, он жасқа толған жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тәлімгерлік ұйымдастыру жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының аумағында өтеусіз негізде жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым»;

2) 28-2-бапта:  
2-тармақ «ұйымдарындағы» деген сөзден кейін «он жасқа толған» деген сөздермен толықтырылсын;  
3-тармақ 13) тармақшасындағы «қоспағанда)» тәлімгер бола алмайды» деген сөздер «қоспағанда)» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) тәлімгерлік бойынша оқытудан өтпеген адам.»;  
4-тармақтын 1) тармақшасындағы «жетім балаларға» деген сөздер «тәлімгерлік туралы шартта айқындалған талаптармен, жетім балаларға» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7, 8, 9 және 10-тармақтармен толықтырылсын:

«7. Тәлімгер болуға ниет білдірген адамдарды оқытуды тәлімгерлік жөніндегі ұйымдар, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары аталған ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Оқыту бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптарды, тәлімгер болуға ниет білдірген адамдарды оқытуды ұйымдастыру тәртібін және осындай оқытудан өткені туралы сертификат нысанын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.

8. Қорғаныштық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган тәлімгерлік жөніндегі ұйыммен тәлімгерлік туралы шарт жасасады.

9. Тәлімгерлік жөніндегі ұйым:  
1) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындаған көлемде жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ақпаратты олардың заңды өкілдерінің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алуға;  
2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

10. Тәлімгерлік жөніндегі ұйым:  
1) тәлімгер болуға ниет білдірген адамдарға консультациялық көмек көрсетуге;

2) тәлімгер болуға ниет білдірген адамдарды оқытуды жүзеге асыруға;

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы он жасқа толған жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тәлімгерлерді іріктеуді жүзеге асыруға;

4) тәлімгерлерге құқықтық және психологиялық көмек көрсетуге;

5) қорғаныштық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға қызметі туралы тоқсан сайын есепті беруге;

6) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы он жасқа толған жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ тәлімгерлердің дербес деректерінің құпиялығын қамтамасыз етуге;  
7) бала орналасқан жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, қорғаныштық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орандағы, ішкі істер органдарын тәлімгерлік жүзеге асырылатын баланың қайтыс болу, оған қағызғандықпен қарау, оның ішінде балаға қағысты күштеп немесе психикалық зорлық-зомбылықты жүзеге асыру, сондай-ақ баланың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғу фактісі анықталған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде хабарлау етуге;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді сақтауға міндетті.».

2. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

3-2), 3-3), 3-4), 3-5) және 3-6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3-2) қазақ тілінің үлкен тілдік моделі – қазақ тіліндегі мәтіндерді кейіннен өңдеу, генерациялау және талдау үшін мәтіндік деректердің үлкен көлемінде оқытылған жасанды нейрондық желі;

3-3) қазақ тілінің сөздік қоры – тіл нормасына сәйкес келетін, лексикалық-орфографиялық, терминологиялық, ономастикалық және басқа да сөздіктерде, анықтамалықтарда, Қазақ тілінің ұлттық корпусында қамтылған сөздердің, терминдер мен сөз тіркестерінің жиынтығы, тілді мәдени құндылық ретінде сақтау құралы;

3-4) Қазақ тілінің ұлттық корпусы – қазақ тілінің барлық стил мен жанрындағы мәтіндерді қамтитын, іздеу жүйесімен және мәтінмен жұмыс істеудің басқа да құралдарымен жарақтандырылған ақпараттық-анықтамалық жүйе;

3-5) Қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры – қазақ тілінің сөздік қорына қолжетімділік беретін және ондағы ақпараттың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы өңделуін қамтамасыз ететін мемлекеттік ақпараттық жүйе;

3-6) қоғамдық маңызы бар әдебиет – қоғамның рухани-білім және зияткерлік-мәдени әлеуетін арттыруға бағытталған өзекті шығармалар»;

мынадай мазмұндағы 3-7), 3-8), 3-9) және 3-10) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-7) қоюшы (қоюшы режиссер, қоюшы балетмейстер, қоюшы суретші) (бұдан әрі – қоюшы) – дербес көркемдік шешім негізінде театр, цирк немесе өзге де өнер туындыларының қойылымын жүзеге асыратын жеке тұлға;

3-8) материалдық емес мәдени мұраны қорғау – материалдық емес мәдени мұраның сәйкестендірілуін, құжаттандырылуын, зерттеуін, сақтауын, қорғалуын, танымал етуін, рөлінің артуын, сондай-ақ жаңғыртылуын қоса алғанда, оның өміршеңдігін қамтамасыз ету мақсатында шаралар қабылдау;

3-9) Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесі – Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасының мәдени құндылықтар тізбесі;

3-10) мәдени-бұқаралық іс-шара – халыққа музыкалық-эстетикалық тәрбие беруге, оның рухани және эстетикалық сураныстарын қанағаттандыруға бағытталған мәдени іс-шара»;

2) мынадай мазмұндағы 24-4-баптың толықтырылсын: «24-4-бап. Қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры және Қазақ тілінің ұлттық корпусы

1. Қазақ тілін мәдени құндылық ретінде сақтау, қорғау және дамыту, сондай-ақ мемлекеттік тіл мәртебесін нығайту Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорын құрудың мақсаттары болып табылады.

2. Қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттық жүйе болып табылады, оны пайдалану ерікті және өтеусіз негізде және тиісті рұқсаттарсыз жүзеге асырылады.

3. Қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры қазақ тілінің үлкен тілдік моделін әзірлеу және дамыту үшін дереккөз болып табылады.

4. Тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті орган Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорын қалыптастыру және жүргізу

қағидаларын әзірлеп, бекітеді және Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорын қолдап отыру мен дамытуға жауапты заңды тұлғаны айқындайды.

5. Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган Қазақ тілінің ұлттық корпусын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеп, бекітеді.»;

1) 32-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) қазақ тілінің сөздік қоры»;  
3. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:

1) өз құзыреті шеңінде стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады;

2) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

3) азаматтардың білім беру саласындағы конституциялық құқықтарын мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;

4) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, шетелдік әріптестермен келіссөздер жүргізеді және өз құзыреті шеңінде мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы халықаралық шарттар (келісімдер) мен бағдарламаларға қол қояды, білім беру ұйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру қағидаларын белгілейді және осы жұмысты үйлестіреді;

5) білім беру саласында берілгікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді және оған әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

6) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім берудің даму жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау және жариялау, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ашық деректерінің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректердің бірінші тізбесіне сәйкес ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыру арқылы қоғам мен мемлекетті мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру жүйесінің жай-күйі және оның қызметінің тиімділігі туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз етеді;

7) білім беру сапасын басқаруды, білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын әдістемелік және адиснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

8) білім беруді басқару жүйесіне білім беру мониторингін және оны ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын, сондай-ақ білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

9) мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асырады және оның жүргізілуін үйлестіреді, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

10) білім беру саласына халықаралық салыстырмалы зерттеулер жүргізуді үйлестіреді және білім беруді дамытудың жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама дайындауы, сондай-ақ «Ұлттық білім беру дерекқоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыруды, қолдап отыруды, оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді, интеграциялауды және оның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаны айқындайды;

11) «Ұлттық білім беру дерекқоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, қолдап отыру, оған жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграциялау және оның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

12) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төмен талаптарды әзірлейді және бекітеді;

13) электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті органды бірлесіп, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, арнаулы, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін компьютерлік және интерактивті жабдыққа қойылатын ең төмен талаптарды әзірлейді және бекітеді;

14) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қоспағанда, барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

15) баланы жабірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша бекітеді;

16) кәсіптік толағандарды бейімдеу орталықтарында және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарында кәсіптік толағандарды ұстау қағидалары мен шарттарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгілейді;

17) «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18) оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдерін айқындайды;

19) мынадай: бастауыш білім беру; негізгі орта білім беру; жалпы орта білім беру;

білім беру бағдарламаларының тізліміне енгізілген мандандықтар бойынша, әскерилер, арнаулы оқу орндары үшін мамандықтар топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру;

білім беру бағдарламаларының тізліміне енгізілген мамандықтар бойынша, әскерилер, арнаулы оқу орндары үшін мамандықтар топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім беру;

рухани білім беру;

кәсіптік толағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсыну үшін білім беру қызметімен айналысау лицензия және (немесе) лицензияға қосымша береді;

20) орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

21) балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және қосымша білім беру бойынша қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдауды жүзеге асырады;

22) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

23) балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және қосымша білім беру бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізлімін жүргізеді;

24) жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім

беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, оқуға ата-ана төлемақысының шекті мөлшерін, сондай-ақ республикалық орта білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік білім беру тапсырысын әзірлейді және бекітеді;

25) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесін бекітеді;

26) мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

27) республикалық орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес шетелдік мектептерде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді;

28) жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен бір-жолғы сыйақым көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

29) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге бір-жолғы сыйақы төлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге берілетін бір-жолғы сыйақының мөлшерлерін бекітеді;

30) жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын (ғылыми жарыстарды), орындаушылар конкурстарын, кәсіби шеберлік конкурстарын және спорттық жарыстарды іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

31) жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекітеді;

32) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың, ғылыми жобалардың халықаралық конкурстарының және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесі мен оларды іріктеу өлшемшарттарын бекітеді;

33) жаратылыстану-математика циклі пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстарын және кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

34) экстернат нысанында оқыту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

35) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына бекітіп берілген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

36) білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметі жұмысының қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

37) бюджет қаражаты есебінен орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қаржыландыру әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

38) «Өркен» грантын беру қағидаларын және оның мөлшерлерін, сондай-ақ оның құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

39) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

40) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модульнің үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

41) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына, үлгілік оқу бағдарламаларына сараптама жасау және оларды сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

42) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және ендіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

43) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізлімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізліміне енгізу және одан шығару негіздерін әзірлейді және бекітеді;

44) мүдделі орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын әзірлейді және бекітеді;

45) мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша сырттай, кешкі оқу, онлайн-оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

46) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

47) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларын ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

48) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

49) еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

50) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар мен педагогтердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

51) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім

беру ұйымдарындағы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға арналған өтемақыны төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезіндегі калаларлық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді

1,8 <

76) тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;

77) білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды әзірлейді және бекітеді;

78) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

79) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

80) білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшылары қызметінің тиімділігін рейтингін жүргізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

81) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейін қолдауды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын, біліктілікті арттырудың вачерлік-модульдік жүйесінің әдістемесін, мемлекеттік білім беру ұйымдары, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ педагогтерді қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

82) тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуды шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекітеді;

83) аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану талаптарын мен қағидаларын әзірлейді және бекітеді, танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізілімін, сондай-ақ оларды оған енгізу, оны тоқтата тұру және одан шығару негіздерін қалыптастырады және бекітеді;

84) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

85) меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының және нормативтік құқықтық актілердің, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының орындалуын, білім беруді басқару органдарын, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдарда бюджеттік және қаржылық тәртіпті мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады;

86) білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімде жою туралы орындалуды міндетті жазбаша нұсқамалар береді;

87) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді ұйымдастыру, оларды сақтау, есепке алу мен беру және негізгі ата, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын олармен қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді, олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

88) білім беру қызметінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысандарын әзірлейді және бекітеді және мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептерді, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекітеді;

89) мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекітеді;

90) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар

мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

91) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекітеді;

92) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім беруді басқару органдарының бірінші басшыларын лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатуды келісеі;

93) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын әзірлейді және бекітеді;

94) мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған орта білім беру ұйымдарын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанына қайта ұйымдастыруға арналған өлшемшарттарды бекітеді;

95) салалық көтермелеу жүйесін бекітеді;

96) осы Заңның мақсаты мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

97) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Білім беру саласындағы уәкілетті органның осы баптың бірінші бөлігінің 8), 9), 20), 32), 34), 35), 36), 38), 39), 44), 47), 48), 53), 56), 63), 68), 71), 72), 73), 75), 78), 80), 81), 94) және 95) тармақшаларында көзделген өкілеттіктері әскери, арнаулы оқу орындарына қолданылмайды.;

2) 26-бапта:

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланысты қызыметтерін көрсету, мемлекеттік сатып алу, көлік және пошта мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1 <

14-баптың екінші бөлігінде: «арнайы пошта жәшіктерінің» деген сөздер «арнаулы жәшіктердің» деген сөздермен ауыстырылсын; «Пошта жәшіктеріне» деген сөздер «Арнаулы жәшіктерге» деген сөздермен ауыстырылсын; «Арнайы пошта жәшіктері» деген сөздер «Арнаулы жәшіктер» деген сөздермен ауыстырылсын. 2. 2017 жылы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы кенедің реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

544-баптың 1-1-тармағы алып тасталсын.

3. «Сауда мақсатында теңізге жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына: 1) 25-баптың 2-тармағындағы «Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті орган халықтың көпші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 39-баптың 2-тармағы 16) тармақшасындағы «қолдануды жүзеге асырады.» деген сөздер «қолдануды» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

«17) осы Заңның 25-бабының 2-тармағында көрсетілген жағдайлардың сақталуын бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады.»;

3) 41-баптың 1-тармағы 3) тармақшасындағы «сақталуын тексереді.» деген сөздер «сақталуын» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын.

«4) осы Заңның 25-бабының 2-тармағында көрсетілген жағдайлардың сақталуын тексереді.»

4. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 21-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Байланыс операторлары мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасына кірмейтін және радио-электрондық құралдарды пайдаланып ақпарат беруді жүзеге асыратын байланыс жолдары мен арналарын ұсына отырып, мемлекеттік органдарға байланыс қызметтерін көрсету кезінде осы байланыс жолдары мен арналарында уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ақпаратты қорғау құралдарын қолдануды өтеусіз негізде қамтамасыз етеді.»; 2) 23-баптың 4-тармағы:

«күзет қызметінің» деген сөздерден кейін «(президенттік байланыс қажеттілігін қоспағанда)» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Президенттік байланыс қажеттілігі үшін байланыс жолдары мен арналарын, кабельдік көріздегі арналарды және техникалық құралдарды орналастыруға қажетті алаңдарды және байланыс операторлары техникалық мүмкіндік болған кезде өтеусіз негізде ұсынады.»

5. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 16) тармақшасындағы «пошта жәшігінің мекенжайынан немесе» деген сөздер алып тасталсын.

6. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

23-баптың 6-тармағында: 5) тармақшаның бірінші бөлігіндегі «әкелуге» деген сөздер «әкелуді, өткізуге және өзге де беруге» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы «пайдалануға беруге» деген сөздер «құруға немесе дамытуға, оның ішінде пайдалануға беруге» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

«5-2) жеке тұлғаларды мемлекеттік қолдау шарасы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлерді және жеке практикамен айналысатын адамдарды, заң қонсулығанынан қоспағанда, жеке тұлғалардың бақуаттылығын арттыруға бағытталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер немесе өзге де мемлекеттік қолдау нысандары;»;

2) мынадай мазмұндағы 21-2-баппен толықтырылсын: «21-2-бап. Жеке тұлғаларды мемлекеттік қолдау шарасы Жеке тұлғаларды мемлекеттік қолдау шарасы туралы хабархат (хабарлану), осындай шараны есепке алу және (немесе) алу мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ақпараттандыру объектісі болып табылатын «әлеуметтік әмиян» арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте жеке тұлғаларды мемлекеттік қолдау шарасы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге де ақпараттандыру объектілері арқылы алынуы мүмкін.».

8. «Пошта туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

16) тармақшадағы «осындай жөнелтілімді пошта жөнелтілімінде көрсетілген мекенжай бойынша адресатқа немесе жөнелтушіге» деген сөздер «пошта жөнелтілімін пошта жөнелтілімінде көрсетілген мекенжай бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

«17-1) құндылығы жарияланған пошта жөнелтілімі – пошта жөнелтілімі (пошта қартқасынан басқа), оны беру кезінде жөнелтуші оның құнын пошта саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен растаушы құжаттарды ұсыну арқылы жариялайды.»;

24) тармақша алып тасталсын;

29) тармақшадағы «, оның ішінде пошта жәшіктерінен алу арқылы қабылданған» деген сөздер алып тасталсын;

31) тармақша «сенім білдірілген адамның» деген сөздерден кейін «не паролды (пин-кодты) енгізу немесе штрих-кодты сканерлеу жолымен құқықты растау процесі арқылы адресаттың келісімін алу жолымен үшінші тұлғаларға» деген сөздермен толықтырылсын;

32) тармақшадағы «адресатқа жеткізу және (немесе) табыс ету үшін» деген сөздер «жеткізу және (немесе) табыс ету үшін пошта жөнелтілімі» деген сөздермен ауыстырылсын;

37) тармақшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

42) тармақшадағы «адресатқа» деген сөз алып тасталсын;

43) тармақшадағы «уәкілетті орган бекіткен пошта жөнелтілімі бланкісінің нысанын толтыра отырып» деген сөздер алып тасталсын;

47) тармақшадағы «адресатқа жөнелтушіге» деген сөздер алып тасталсын;

51) тармақшадағы «пошта жөнелтілімінің адресатына қолын қойғызып» деген сөздер «қол қойғызып» деген сөздермен ауыстырылсын;

52) тармақшадағы «пошта жәшіктері немесе», «адресатқа» деген сөздер алып тасталсын;

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын: «4-бап. Пошта байланысы саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидалары

1. Пошта байланысы саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары пошта байланысы саласын дамыту, пошта байланысы саласындағы көрсетілетін қызметтер нарығын реттеу және кеңейту болып табылады.

2. Пошта байланысы саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында пошта қызметін қалыптастыру мен дамыту, көрсетілетін пошта байланысы қызметтерін ұсыну және оларды іске асыруды ұйымдастыру;

2) пошта төлемінің мемлекеттік белгілерінің пошта айналымы жөніндегі қызметті реттеу.

3. Пошта байланысы саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидалары мыналар болып табылады:

1) пошта байланысы саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде заңдылықтың сақталуы;

2) Қазақстан Республикасының аумағында пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға көрсетілетін пошта байланысы қызметтерінің қолжетімді болуы;

3) пошта операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін пошта операторларының сақтауы;

4) Қазақстан Республикасының аумағында пошта жөнелтілімдері қозғалысын және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық пошта жөнелтілімдері транзиттің еркіндігі;

5) көрсетілетін пошта байланысы қызметтерін ұсыну және осы қызметтің нәтижелерін пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар құқықтарының теңдігі;

6) пошта құпиясын қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасында ұлттық пошта желісінің дамуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

8) пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға пошта байланысының қызметтерін көрсету кезінде пошта операторлары үшін пошта байланысы саласындағы қағидалар мен талаптар бірігіті.;

3) 5-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік функцияларды, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пошта байланысы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады.»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «2) осы Заңның негізгі мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пошта байланысы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді.»;

3), 4), 5), 6), 8), 17) және 18) тармақшалар алып тасталсын;

2-тармақтың 2) тармақшасы «, оның ішінде қажет болған кезде пошта байланысы бөлімшелерін сақтау жөніндегі шараларды қабылдайды» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 10-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде: «пошта жәшіктерінен жинап алынған және (немесе)» деген сөздер алып тасталсын;

«адресатқа» деген сөз «пошта жөнелтілімін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2. Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтеріне:

1) тіркелмейтін хатты жіберу бойынша көрсетілетін қызмет;

2) жаздырып алынатын мерзімді баспасөз басылымдарын тарату бойынша көрсетілетін қызмет жатады.»;

5) 11-баптың 1-тармағындағы «адресатқа» деген сөз алып тасталсын;

6) 12-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы «адресатқа» деген сөз алып тасталсын;

7) 17-баптың 2-тармағындағы «ұйымдастыру Пошта» деген сөздер «ұйымдастыру уәкілетті орган бекітетін пошта» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 20-баптың 2 және 4-тармақтарындағы «Адресаттың пошта жөнелтілімін алағны» деген сөздер «Пошта жөнелтілімінің табыс етілгені» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 22-бапта: 5-тармақтың бірінші бөлігіндегі «пошта жәшіктерін және» деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақтағы «215.» деген цифрлар алып тасталсын;

10) 23-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақ 4) тармақшасындағы «жүзеге асыруға құқылы.» деген сөздер «жүзеге асыруға» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды тасымалдауды және сақтауды жүзеге асыруға құқылы.»;

11) 30-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Пошта байланысы бөлімшелерін жабу туралы шешім қабылданған кезде пошта операторы бұл туралы білімштердің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кентердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін бөлімшені жабудың болжамды күнінен үш ай бұрын хабарлар етеді.»;

12) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын: «32-бап. Поштоматтар

1. Поштоматтар нұмараттар мен құрылысжайларда не көпшөптерді тұрғын үйлерде орналастыруды мүмкін.

2. Нұмараттар мен құрылысжайлардың меншік иелері не олардың сенім білдірілген адамдары пошта операторларының көрсетілетін пошта байланысы қызметтерін ұсыну мақсатында поштоматтарды орналастыру үшін оларға шарт негізінде алаңдар бере алады.

3. Көпшөптерді тұрғын үйдің пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жиналыста пошта операторларының көрсетілетін пошта байланысы қызметтерін ұсыну мақсатында поштоматтарды орналастыру үшін оларға кондоминиум объектісі мүлкінің бір бөлігін мүліктік жалдауға беру туралы шешім қабылдайды.»;

13) 35-баптың 2-тармағының бірінші бөлі

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 208-бабы 1-тармағы 8) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2025 жылғы 7 ақпандағы №66-НҚ нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Ә.Ә.Азімова, судьялар А.Қ.Ескендіров, К.Т.Жақыпбаев, А.Е.Жатқанбаева, А.Қ.Қыдырбаева, Қ.С.Мусин, Б.М.Нұрмұханов, Е.Ә.Оңғарбаев, Р.А.Подопригора және С.Ф.Ударцев қатысқан құрамда, өтініш субъектісі Т.Ш. Сағандықовтың және оның өкілі – адвокат Л.А.Емельянованың,

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілі – бірінші вице-министр А.А.Сарбасовтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – Заңнама департаментінің директоры Д.А.Сүлейменовтің,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б.Адамовтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімінің бас консультанты А.Б.Дүйсеновтің,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімі менгерушісінің орынбасары Н.А.Сартаеваның,

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың өкілі – Құқықтық және ұйымдастыру-талдау жұмысы бөлімі менгерушісінің орынбасары Д.Т.Абдрахманованың,

Парламентаризм институтының өкілі – атқарушы директор, заң ғылымдарының кандидаты А.К.Канатовтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 208-бабы 1-тармағы 8) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішті қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы А.Е.Жатқанбаеваны және отырысқа қатысушыларды тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, Қазақстан Республикасының және жекелеген шетелдердің қолданыстағы құқық нормаларына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына (бұдан әрі – Конституциялық Сот) Кодекстің 208-бабы 1-тармағы 8) тармақшасының Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Конституция, Негізгі Заң) 14-бабының 2-тармағына, 27-бабының 1 және 2-тармақтарына, 39-бабының 1-тармағына сәйкестігін қарау туралы өтініш келіп түсті, дау айтылып отырған тармақшаға сәйкес жасалған байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде жұмыс істемейтін анықана және жас балаларға күтім жасаған, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін, жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыты есепке алынады.

Іс материалдарынан соттың 1997 жылғы 20 наурыз – 1998 жылғы 26 ақпан аралығындағы, кейіннен 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін деп нақтыланған кезеңді еңбек өтіліне қосыу және осымен есептеп шығарылған зейнетақы төлемдерін алу үшін көрсетілген кезеңде балаға күтім жасаған фактінің анықталуы өтініш беруші шағым жасап отырған нормаға сілтеме жасай отырып, бас тартқанын түсінуге болады.

Өтініш субъектісінің пікірінше, Кодекстің жұмыс істемейтін анықана және жас балаларға күтім жасаған уақыты еңбек өтіліне қосуды қозғайтын бұл ережесі ана мен әкеінің тең құқықтылығы қағидатына қайшы келеді және ата-ананың біріне қатысты кемсітушілік сипатқа ие.

Өтініш субъектісі көрсеткен Кодекс нормасының конституциялығын тексеру кезінде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, онда Қазақстан Республикасының азаматына жалақы мен зейнетақының ең төмен мөлшеріне, жасна байланысты, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандырылуға кепілдік беріледі (Конституцияның 4-бабы, 28-бабының 1-тармағы). Осы кепілдіктерді іске асыру заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең және кемсітушілікке тыйым салу туралы конституциялық қағидат та ескеріле отырып, жүзеге асырылады (Конституцияның 14-бабы).

Отбасына, балаларға және ата-анаға қатысты мемлекеттік көзқарас Конституцияның 27-бабында айқындалған: балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті, ал неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 20 қарашадағы №44/25 резолюциясымен қабылданған (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланған) Бала құқықтары туралы конвенцияға қатысушы болып табылады. Конвенцияға сәйкес қатысушы мемлекеттер ата-анасының екеуінің де баланың тәрбиесі мен дамуы үшін ортақ және бірдей жауапкершілігі қағидатын тануды қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін күш-жігерлерді қабылдайды, ал баланың ең қажет мүдделері олардың негізгі қамқорлығының мәні болып табылады. Сонымен қатар, қатысушы мемлекеттер баланы қамқорлық болмаудан немесе неімқұрайлы қараудан қорғау мақсатында барлық қажетті заңнамалық, әкімшілік, әлеуметтік және ағартушылық шаралар қабылдайды (18-баптың 1-тармағы, 19-баптың 1-тармағы).

Осыған байланысты Конституциялық Сот Конституцияның мынадай ережелеріне назар аударады: адамның құқықтары мен бостандықтары Конституцияға сәйкес және жалпыға бірдей танылған халықаралық құқық қағидаттары мен нормалары ескеріле отырып танылады және оларға кепілдік беріледі. Заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыларға қарай айқындалады (12-баптың 1 және 2-тармақтары).

Аталған конституциялық нормаларды негізге ала отырып, заң шығарушы Кодекске әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттарын, оның ішінде әлеуметтік қорғау саласында адам мен азаматтың тең құқықтылығы және олардың құқықтарын шектеуге жол бермеуді белгіледі (Кодекстің 3 және 4-баптары).

Осылайша, мемлекет кепілдік берген ана мен әкеі және баланы қорғаумен қатар, ата-ананың екеуінің де балаға қамқорлық жасауы мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болып қала береді.

2. Әлеуметтік қорғаудың маңызды элементі ретінде зейнетақымен қамсыздандыру белгілі бір жасқа толған кезде адамның алдағы қаржылық тұрақтылығы, толыққанды өмір сүруі үшін жағдай жасауға бағытталған.

Қазақстанның зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі зейнеткерлікке шыққан азаматтарға мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері (не еңбек сипірген жылдар үшін зейнетақы төлемдері) және зейнетақы жинақтарынан төленетін төлемдер түрінде ай сайынғы төлем төлеуді көздейді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері жеке-дара айқындалады және еңбек өтіліне пропорционалды болып табылады, бұл өтіле жұмыс өтілінен, әскери қызмет мерзімінен және оқу кезеңінен басқа, белгілі бір әлеуметтік функцияларды іске асыруға жұмсалған уақыт та есептеледі. Олардың қатарына заң шығарушы белгілі бір адамдар тобына, оның ішінде мүгедектігі бар адамдарға, қарттарға, жас балаларға және басқаларға күтім жасауды жатқызады.

Жас балаға күтім жасау ерекше қамқорлық мен қорғауды талап етеді, бұл оның қалыпты физикалық, ақыл-ой, адамгершілік және психологиялық тұрғыдан дамуы үшін қажет. Бала өмірінің осы кезеңінде объективті жағдайларға байланысты ата-ана өзінің еңбек ету құқығын іске асыруда шектелуі мүмкін.

Ата-ана міндеттерін орындаумен негізделген мұндай жағдайлар әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат шеңберінде компенсаторлық тегіктерді әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс, өйткені Конституцияда Қазақстан Республикасы қабылдаған, неке мен отбасын, ана мен әкеі және баланы қорғауға кепілдік беретін әлеуметтік мемлекет моделі туралы ереже бекітіледі.

3. Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қатынастарды құқықтық реттеуді жүзеге асыра отырып, зейнетақы тағайындаудың негіздері мен шарттарын айқындау кезінде ауқымды дискрецияға ие болады.

Сонымен қатар, қабылданып жатқан заңнамалық шаралар, басқалармен қатар, әлеуметтік қорғау саласында адам мен азаматтың тең құқықтылығы және олардың құқықтарын шектеуге жол бермеу қағидаттарына негізделуге тиіс (Кодекстің 3-бабы).

Конституциялық Сот тең жағдайлар кезінде құқық субъектілері тең құқықтық жағдайда болуға тиіс деп бірнеше рет атап өтті (2023 жылғы 14 шілдедегі № 21-НҚ және 2024 жылғы 23 шілдедегі № 49-НҚ нормативтік қаулылар және басқалар). Қаралып отырған істе бұл ұстаным балаға қамқорлық жасау және оны тәрбиелеу жөніндегі ата-ана құқықтары мен міндеттеріне қатысты.

Ана мен әкеі қорғаудың мемлекеттік саясатында Қазақстан Республикасы неке-отбасы заңнамасының қағидаттарын (отбасындағы ерлі-зайыптардың құқықтарының теңдігі, отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісім арқылы шешу («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы») 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 2-бабының 2-тармағы) назарға алу керек. Тиісінше, еңбек заңнамасында жұмыс берушінің ата-ананың өз таңдауы бойынша – баланың анасына не әкесіне, сондай-ақ баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ата-анаға бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс беру міндеті бекітіледі (2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 100-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары).

Ұқсас тәсілді заң шығарушы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін беру кезінде ата-ананың зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін есептеу үшін қолданады, бұл ретте жұмыс істемейтін ана немесе жұмыс істемейтін әке, ол нақты осындай күтімді жүзеге асырған кезде, жас балаларға күтім жасаған уақыты есепке алынады (Кодекстің 206-бабы 2-тармағының 5) тармақшасы).

Конституциялық Сот зейнетақы заңнамасы ынтмақтастық әлеуметтік құқықтық қатынастардың қатысушы ретінде азаматқа оның ресми танылған мәртебесінің тұрақтылығына және осы мәртебемен негізделген құқықтарының іске асырылу кепілдігіне сенімділікті қамтамасыз етуге тиіс деп есептейді. Өзге тәсіл Негізгі Заңның 39-бабының талаптарына сәйкес келмейді және Конституцияның 14-бабының 2-тармағында тыйым салу белгіленген кемсітушілікке алып келеді.

Әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыру кезінде тең болуы мемлекет азаматтарға олардың еңбек үлесі, еңбекке жарамсыздық себептері мен дәрежесі, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды қажетсінуі ескеріле отырып, сараланған тәсіл негізінде әлеуметтік қорғау шараларын берген кезде тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына, денсаулық жағдайына, оның ішінде мүгедектігіне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандайда бір кемсітуге тыйым салуға негізделген (Кодекстің 4-бабы және 6-бабының 2-тармағы).

Осыған байланысты Конституциялық Сот жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде жұмыс істемейтін әке жас балаға күтімді жүзеге асырған кезде оның да нақты күтім жасаған уақытын есепке алу қажет деп пайымдайды. Өзге тәсілдің жоғарыда аталған конституциялық ережелер тұрғысынан ақылға қонымды негіздемесі болмайды.

Конституциялық Сот Конституция нормаларын және мемлекеттік әлеуметтік және отбасы-демографиялық саясат қағидаттарын ескере отырып, ата-ананың зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін және еңбек өтілін жалпы жиынтығы 12 жыл шегінде ғана есептегенде ата-ананың жас балаларға күтім жасаған уақытын есепке алуын ең жоғары кезеңді белгілейтін Кодекс ережелерін қосымша пысықтау қажеттігіне де назар аударады.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағы және 74-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55–58, 62-баптарын, 63-бабының 4-тармағын, 64-бабының 4-тармағын және 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 208-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы осы Кодекстің 4-бабының, 6-бабы 2-тармағының, 206-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 100-бабы 1-тармағы 1) және 2) тармақшаларының ережелерімен өзара байланыста мынадай түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын: жұмыс істемейтін ата-ана жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде жас балаларға тікелей күтімді жүзеге асырған уақыты есепке алынады.

2. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуда жатпайды.

3. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірінші жауына және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

«Жасыл» экономика – жаңғыруға жаңа мүмкіндік

Климаттың өзгеріп, ресурстардың түгесіпін бара жатқаны әлем халықтарын, соның ішінде бизнесті тұйыққа тіреп отыр. Көміртегі шығарындылары мен басқа да ресурстарды тиімсіз пайдалансақ, осы әрекетімізбен экожүйеге қауіп төндіреміз. Экологиялық факторларды ескермейтін компаниялардың көміртегі салғы енгізілген Еуропалық одақ сияқты нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін жоғалту қаупі бар. Ал «жасыл» экономика табиғи ресурстарды тұрақты пайдаланып қана қоймай, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға ықпал етеді. Осы арқылы табиғат ластануының алдын алуға болады.



Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

Сәндібек АСАНӘЛІ, «Egemen Qazaqstan»

Бұл бір жағынан бизнеске жаңа мүмкіндік ашады. Кәсіпкерлер өндірісте энергия мен материалдардың шығынын азайтып, «жасыл» инвестицияларға қол жеткізе алады әрі жаңа нарыққа шығуға мүмкіндік туады.

Орайы келгенде халықаралық «жасыл» технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының басқарма төрағасы Дидар Қарымсақовпен елдің жасыл экономикаға қалай бет бұрып жатқаны жөнінде, бизнестегі сын-қатерлер турасында аз-кем пікірлестік. Бакуде климаттық өзгерістерге байланысты өткен COP29 конференциясы туралы сұрап білдік.

– COP29-да дамыған елдердің қаржылық міндеттемелерін дамушы елдердің пайдасына үш есе көбейту туралы шешім қабылданды. Осылайша, экологиялық тұрақты жобаларды іске асыру бағытында жаңа мүмкіндіктер ашылады. Қаражатты тек экономиканы декорбонизациялауға, таза технологияларды енгізуге, ауыспалы климатқа бейімделуге ғана пайдалануға болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылы Астанада өңірлік Климаттық саммит өткізу туралы ұсыныс жасады. Іс-шара біз бетпе-бет келіп отырған климаттық сын-қатерлерді Орталық Азия елдерімен бірігіп талқылауға, шешу жолдарын іздеуге жол ашады. Сонымен

қоса өңірдің халықаралық климаттық келіссөздердегі позициясын нығайтуға, тұрақты жобаларды іске асыруға инвестиция тартуға мүмкіндік береді, – дейді Д.Қарымсақов.

Мамандардың пайымынша, экологиялық технологияларды енгізуде елдегі компаниялардың өз артықшылығы бар, кемшілігі де жоқ емес. Мәселен, жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамыту арқылы 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына ұмтыламыз. Елімізде күн, жел энергетикасы бағытындағы жобалар дамып келеді. Алайда екінші жағынан, «жасыл» технологияларға көшу арқылы амалсыз бірқатар қиындыққа тап келуде мәжбүрміз. Мұның ішінде мамандандырылған сынақ полигондарының аздығы, ұзақмерзімді жобаларды қаржыландыруға қаражаттың тапшылығы, таза технологияларды енгізуде бастапқы шығындардың көптігі сынды кедергілер бар.

Елімізде жаңартылатын энергия көздері секторы жедел дамып келеді. Бүгінде энергетикалық баланстағы ЖЭК үлесі 4,5%-ды құрайды. Енді осы көрсеткішті 2030 жылға қарай 15%-ға, 2050 жылға қарай 50%-ға дейін жеткізу міндеті тұр. Бұдан бөлек, Жамбыл облысындағы Қордай жел электр стансасы, Алматы облысындағы күн стансалары сияқты ірі жобалар іске асыру. Еліміз Еуропалық одақтың көміртегі реттеуіне (СВАМ) сәйкес келетін көміртегі салғын енгізуге дайындалып жатыр.

ХАБАРЛАНДЫРУ

19 наурыз күні сағат 15.00-де Атырау қ. Абай к-сі, 5, «Каспиймұнайгаз» нимаратында Атырау мұнай өңдеу зауыты (47°43'34,851°55'22) ашық жиналыс түрінде 2025–2034 жылдарға Кешенді экологиялық рұқсат алу бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді. 2025–2034 жылдарға Кешенді экологиялық рұқсат алу үшін жобалар: эмиссиялық нормативтердің жобалары (рұқсат етілген шығарындылар және тастандыларға арналған нормативтердің жобалары), қалдықтарды басқару бағдарламасы; шығарындылардың және тастандылардың технологиялық стандарттарының жобасы, өндірістік қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы, физикалық әсер ету стандарттарының жобасы. Әсер ету радиусы Атырау қаласы аумағында.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірінғай экологиялық порталда және Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (Өйтеке би к-сі, 77, э/пошта: ga.arystanov@atyrau.gov.kz, 8 7122 35 45 59) қоғамдық тыңдауға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

Онлайн режимінде қосылу үшін конференцияның идентификаторы ID: 892 4188 0691, код: 1hmVse. Бастамашы: Атырау мұнай өңдеу зауыты, БСН: 040740000537; З.Қабдолов к-сі, 1, өкілі – Теміров А.А., 8 7122 25 95 43, email: ref@anzp.kz.

Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз»; БСН: 110240020787, Астана қ. Қ.Мұхамедханов к-сі, 21, 7/32 офисі, 8 705 723 53 63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

Жобалық құжаттамамен https://ecportal.kz/ және Бірінғай экологиялық порталда (https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/lang-ru) танысуға болады.

ТОО «ГрандНәсіп», БИН: 200540016461, извещает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев с момента опубликования настоящего объявления по адресу: Казахстан, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Шевченко, 166, кв. 29, телефон: 8 701 760 76 34.

Eger сіз «Egemen Qazaqstan» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз: Астана 37-64-48, 37-60-49. Электронды пошта: adv@egemen.kz, egemen\_adv@mail.ru Алматы 273-74-39, ф. 273-07-87. Электронды пошта: adv@egemen.kz